



Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики  
Казахстан (Кассационная  
инстанция)

Отправитель: УВАЙДАЕВА ГУЛЬЗИРА  
ТУРГАНБАЕВНА

## ПИСЬМО

17.03.2022 жылы Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Сарсенов Медетбек Темірбекұлы, талап қоюшы С-ның облысымыздағы жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысының жылжымайтын мүлікті сауда-саттыққа шығару туралы қаулыны заңсыз деп тану, электрондық аукционның қорытындысы туралы хаттамасын жарамсыз деп тану және тұрғын үйді сатып алу – сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап арызымызды жан –жақты және объективті қарап, толығымен қанағаттандырып, талап қоюшыға заңсыз сатылған тұрғын үйін қайтарып, әділ де заңды шешім шығарды.

Соттың бұл шешімі екінші сот сатысында да қаралып, өзгеріссіз қалдырып, бүгінгі күні 14.06.2022 жылы заңды күшіне еніп отыр.

Судья Медетбек Сарсеновке мемлекеттік органдармен жеке азаматтар арасындағы дауды шешу барысында, қара қылды қақ жарып, өзінің сауаттылығымен, кеше ғана қолданысқа енген жаңа Кодекстің барлық қағидаттары мен құқықтық нормаларын жоғарғы деңгейде қолдана білгені үшін алғысымызды айтамыз және мақтан тұтамыз!!!

Асырауында бес бірдей кәмелет жасқа толмаған баласы бар, жалғыз

баспанасынан айыр

ылдым ау деп, өкініштен қан жылап отырған талап қоюшының қуанышында шек жоқ!!! Және бұл қуанышты сөзбен жеткізу мүмкін емес!!!!

Құрметті Жақып Қажыманұлы!!!

Елімізде алғаш рет ашылып отырған әкімшілік соттардың осындай әділ шешімдері, қоғам мен азаматтардың арасында қалыпты бір форматтың, әкімшілік әділеттің қалыптасуына бірден –бір себебі деп есептейміз!!!

Медетбек Темірбекұлына жүрек жарды алғысымызды айта отырып, болашақта деніне саулық, отбасына бақ – береке, еңбекте абырой тілейміз!!!

### Перечень прилагаемых документов:

1. Алғыс хат Сарсенов.PDF

Подписал(а) УВАЙДАЕВА ГУЛЬЗИРА ТУРГАНБАЕВНА

